Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылы 20 қантар №6309-25-00-2/3006 Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағалық етуші судья А.С. Абуова құрамында оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Зайсан технология колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Аслан Мырзабекулы Нурбаев «Нурбаев» жеке кәсіпкер

ТАЛАПТЫҢ МӘНІ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Зайсан технология колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Аслан Мырзабекулы Нурбаев «Нурбаев» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Аслан Мырзабекулы Нурбаев «Нурбаев» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Аслан Мырзабекулы Нурбаев «Нурбаев» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 9 000 (тоғыз мың) теңге тұрақсыздық айыбы, 270 (екі жүз жетпіс) теңге мемлекеттік баж, барлығы 9 270 (тоғыз мың екі жүз жетпіс) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы болған тарап Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403-404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс Қазақстан облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына процестік шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Абуова А.С.

Құжатқа қол қойылған: Абуова А. С., 20.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2026, Судья Абуова А. С., 11.03.2026

5309-25-3-1/3287